

Атырау қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 635 "Атырау қалалық әкімдігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Атырау облысы Атырау қала әкімдігінің 2017 жылғы 24 ақпандағы № 358 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 наурызда № 3797 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабын және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабын басшылыққа алып, қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 635 "Атырау қалалық әкімдігінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3540 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 маусымда облыстық "Атырау" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Атырау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы П. Хасановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Шапкенов